Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

Баянды ауылы **2026 жылы 7 қазан уақыты сағат 11:00**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **Баянды ауылы әкімінің аппараты (Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы)**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: **«Мұнайды есепке алудың коммерциялық торабының алаңын қайта құру» «Доңға кен орны, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау облысы». Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.**
(қаралатын жобалау құжаттарының толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: **«Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК.**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасқан жері: **Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауылы. Географиялық координаттары: 43°45′43″ с.е. 51°18′26″ ш.б.**
(белгіленген қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: **Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауылы.**
(белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына ықпал етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі).

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: **«Dunga Operating GmbH» филиалы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12-шағынаудан, 79/1 ғимараты, индексі 130000, БСН:000941000344, Эколог: Каленов Нұрбол, тел.: 8 (702) 996 9280.**
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық поштасы, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: **«Construction NS» ЖШС, Ақтау қ. 17- шағын ауд. 20-үй тел: 87767120270. БСН 010740010777.**
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық поштасы, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): **2026 жылдың 7 қазан күні сағат 11:00-де Маңғыстау облысы, Баянды ауылы, Мәдениет үйінің (клубы) ғимараты мекен-жайы бойынша және онлайн форматта Zoom платформасында бейнеконференция форматында келесі сілтеме бойынша:**
https://us06web.zoom.us/launch/edl?muid=f4e46960-da66-4164-a204-09f46f6eca41
Конференция идентификаторы: 828 5986 8244

Кіру коды 10640

(қатысушыларды тіркеудің басталу күні, уақыты, қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты, тыңдаудың толық және нақты мекен-жайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылған жағдайда барлық күндері көрсетіледі)

9. Бастаманы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) бірыңғай экологиялық порталда, **www.ndbecology.gov.kz.**

2) жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: **https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau**

(атауы және ресми интернет–ресурстарға сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле- немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

1. Газета: **Мұнайлы, №33 (1172) 25 тамыз 2026 жыл (қосымшада)**

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

2. **«ASTANA TV» телеканалы, 25 тамыз 2026 жыл №095 (қосымшада)**

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **«Баянды ауылы, ауылдық клуб ғимараты мекенжайы бойынша хабарландыру үшін стендте 1 (бір)** дана хабарландыру.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдау хатшысы болып «Construction NS» ЖШС - Желенова Шаттыгүл Есенқызы сайланды (хатшыны тандау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" – 7, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 0)

Регламент: Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу – 10 минут. Келісілген уақытта қоғамдық тыңдаудың ашылуы (төрағаның сөзі, хатшыны тағайындау) – 5 минут. Баяндамашының сөз сөйлеуі – 15 минут. Баяндаманы талқылау (сұрақ-жауап). Баяндама бойынша қоғамдық тыңдауға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары тыңдалады. Баяндамашылар өз кезегінде қоғамдық тыңдауға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстарына жауап береді. Ұсынылатын регламент – 20 минут.

Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылатын регламент – 5 минут.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" - 7, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 0)

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:
Баяндаманы «Construction NS» ЖШС өкілі – Желенова Ш. Е.
(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

Жоба бойынша Презентация (15 бет) және баяндама қосымшада ұсынылды.
(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)
Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша баяндама мәтіндері осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

Қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін және өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

р/с №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	Баянды ауылының тұрғыны – Мусаева Р. сұрағы: Баяндамашыны басқа қоғамдық тыңдаулардан да көріп жүрміз. Жалпы, жобаның не туралы екенін түсіндік. Алдыңғы тыңдауда да бұл туралы айтқан боласыздар. Осы уақытқа дейін қызметтеріңіз Түпқараған ауданының аумағында жүзеге асырылып келді. Енді осы жоба бойынша сорғы орнатылатынын және алдыңғы қоғамдық тыңдауда мұнай құбыры жүргізілетінін айқын боласыздар. Түпқараған ауданымен меморандум жасасқансыздар. Енді Мұнайлы ауданымен де, оның ішінде Баянды ауылын қамтитын осындай меморандум жасасасыздар ма? Жоба бойынша біз түсініп болдық, алдыңғы өткен қоғамдық тыңдауда түсініп жалпы ақпаратпен танысканбыз. Мұнайлы ауданына келіп жатырсыздар екен, осымен 3-ші тыңдау өткізіп отырсыздар, енді	«Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Есболов Е.Л.: Мен айта кетейін, біздің қазіргі таныстырып отырған жұмысымыз мұнайды есепке алудың коммерциялық торабының аланында сорғы салу болып отыр, сіздің жобаға қатысты сұрағыңыз бар ма? «Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі: Сұрағыңызға мен жауап берейін. Менің атым — Айсұлу, компания өкілімін. Қазіргі уақытта Түпқараған ауданымен меморандум жасасқанбыз. Мұнайлы ауданымен меморандум жасасу үшін жергілікті әкімдік тарапынан бастама болуы қажет. Жұмыс тәртібін түсіндіре кетейін: алдымен ауыл тұрғындары мен қоғамдық кеңес мүшелері өз ұсыныстарын жергілікті әкімдікке жеткізуі керек. Содан кейін әкімдік біздің компанияға ресми хат жолдауы қажет. Осы ресми өтініштің негізінде ғана тиісті жұмысты бастай аламыз. Ауыл әкімдігі мен аудан әкімдігі, одан облыс әкімдігі арқылы да	алынып тасталды

	осылай тұрғындар алдына келгендіктен, олардың ұсыныстары мен сұраныстарын тыңдамайсыздар ма? Хаттың ауыл әкімдігі ма немесе аудан әкімдігі жолдау қажет пе? Қоғамдық тыңдау Баянды ауылында өтіп жатырғандықтан неге ауыл әкімдігімен меморандумға тұрмаска?	меморандум бойынша ұсыныстарыңызды ресми жеткізулеріңіз қажет. <u>«Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі:</u> Мен бұған дейін Ұлытау ауданда да жұмыс істегенмін. Ол жерде «Қазақмыс» компаниясы бар. Ауыл және аудан тұрғындары өз ұсыныстарын ресми хат арқылы жеткізіп, компания бұл бастаманы қолдаған. Нәтижесінде меморандум жасалған. Түпқараған ауданымен жасалған меморандум да осындай тәртіппен жүзеге асырылды. Тұрғындар жұмыссыздық пен әлеуметтік мәселелер бойынша ұсыныстарын әкімдікке жеткізген. Әкімдік біздің компанияға ресми түрде жүгініп, компания бұл ұсыныстарды қабылдаған. Соның нәтижесінде екі тарап арасында меморандум жасалды. Қазіргі уақытта бос жұмыс орындарына орналастыру және басқа да мәселелер осы меморандум шеңберінде қарастырылады. Яғни бос жұмыс орындары болған жағдайда, бірінші кезекте Түпқараған ауданындағы жұмыссыз азаматтардың кандидатуралары қаралады. Мен сіздерге осы жұмыстың тәртібін түсіндіріп отырмын. Алдымен өз ұсыныстарыңызды жергілікті әкімдікке жеткізулеріңіз қажет. Содан кейін әкімдік біздің компанияға ресми хат жолдауы керек. Осы хаттың негізінде біз ұсыныстарыңызды басшылықпен бірге қарастырып, көтерілген мәселелерді шешуге тырысамыз.	
2	<u>Баянды ауылдық округі әкімінің орынбасары – Балбай С.М.:</u> Бұл сіздердің қатысуларыңызбен өтіп жатқан үшінші қоғамдық тыңдау. Алғашқы тыңдауда мұнай құбыры жобасы, кейін шығарындылар мәселесі қарастырылды. Ал бүгін сорғы орнату жобасын таныстырып отырсыздар. Яғни ауылға бірінші рет келіп отырған жоқсыздар, жұмыстар бірнеше ай бойы жалғасып келеді. Ауыл тұрғындары Түпқараған ауданымен жасалған	<u>«Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Есболов Е.Л.:</u> Біз бұл мәселеден бас тартып отырған жоқпыз және ешқандай жұмыс атқармаймыз немесе меморандум жасаспаймыз деп айтқан жоқпыз. Мен құрылыс бөлімінің басшысымын. Мысалы, құрылыс жұмыстарын жоспарлаған кезде жыл сайын бюджетке тиісті шығындарды енгіземіз: қандай жұмыстар атқарылатынын және сол жылы қанша қаражат бөлінуі қажет екенін алдын ала белгілейміз. Сол сияқты, ауыл тұрғындары өз ұсыныстарын әкімдікке жеткізіп,	алынып тасталды

	меморандум секілді біздің ауданмен де меморандум жасасу жөнінде нақты жауап күтеді. Түпқараған ауданымен жасалған меморандумның талаптары маған белгісіз. Дегенмен біздің ауданмен меморандум жасасып, онда жыл сайын ауыл тұрғындарының арасынан, мысалы, төрт-бес немесе он адамды жұмысқа қабылдау, сондай-ақ аудан мен ауылға нақты әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі міндеттемелерді белгілеуге мүмкіндік бар ма? Осы мәселе бойынша нақты ұстанымдарыңызды айтсаңыздар. Тұрғындардың сұрағы да осыған қатысты. Себебі сіздер ауылға бірнеше рет келіп отырсыздар және бұл — жалғасып жатқан жұмыс	әкімдік біздің компанияға ресми сұраныс хат жолдауы қажет. Осындай ресми сұраныс түскеннен кейін ғана біз мәселені қарастырып, жауап бере аламыз.	
	Баянды ауылының тұрғыны – Мусаева Р. сұрағы: Түпқараған ауданымен отырғандай меморандумға біздермен де отыруларыңыз керек.	«Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Есболов Е.Л.: Менің түсіндіргім келгені — бұл бастама «Доңға» компаниясы тарапынан көтерілмейді. Сіздер өз жағдайларыңызды, сұраныстарыңызды және басқа да мәселелер мен ұсыныстарыңызды әкімдікке жеткізулеріңіз қажет. Әкімдік сол ұсыныстардың негізінде біздің компанияға ресми хат жолдауы керек. Одан кейін хаттың компанияға келіп түскенін, тіркелгенін және қандай кіріс нөмірі берілгенін сұрап, нақтылауларыңызға болады. Яғни бастама сіздердің және әкімдіктің тарапынан болуы қажет.	
	Баянды ауылдық округі әкімінің орынбасары – Балбай С.М.: Хат жіберу оны дайындау қиын емес, оны жасақтап жібергенде ол нақты шешімін табатын, орындалатын нәрсе ма деп сұран отыр бұл кісілер.	«Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Әбдіқадыров Т.С.: Түпқараған ауданымен олардың тарапынан түскен бастамашылық хаттың негізінде тиісті жұмыстар жүргізіліп, меморандум жасалды. Сіздер де қоғамдық кеңес өкілдері ретінде ауыл тұрғындарымен жиналыс өткізіп, олардың өтініштерін, ұсыныстары мен сұраныстарын жинақтап, жергілікті әкімдікке жеткізулеріңіз қажет. Әкімдік осы ұсыныстардың негізінде біздің компанияға ресми хат жолдауы керек. Хатты алғаннан кейін ұсыныстарыңыз бен сұраныстарыңызды басшылықпен	

		бірге қарастырып, көтерілген мәселелерді шешуге тырысамыз. Сол кезде ғана сіздерге нақты жауап бере аламыз.	
3	Баянды ауылының тұрғыны – Айжігітов Б. сұрағы: Қай жерде орналасқан дедіңіз бұл жоба? Территория кімдігі бұл жерде?	«Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Есболов Е.Л.: Бұл аумақтан «ҚазТрансОйл» компаниясының мұнай құбыры өтеді. Доңга кен орнынан мұнай құбыр арқылы осы алаңға жеткізіліп, одан әрі «ҚазТрансОйл» компаниясының мұнай құбырына қосылады. Аталған алаң «Доңга» компаниясына тиесілі. Мұнда мұнайды коммерциялық есепке алу торабы орналасқан. Жоба бойынша осы алаңға сорғы орнатылады. Сондай-ақ мұнда оператор бөлмесі мен дизель генераторы, технологиялық блок, басқару пункті, мұнайды коммерциялық есепке алу торабы орналасқан. Презентацияда мұнайды коммерциялық есепке алу торабы алаңының орналасқан жері, сондай-ақ аталған тораптың жоспары көрсетілді.	алынып тасталды
4	Баянды ауылының тұрғыны – Айжігітов Б. сұрағы: Слайдта атап өтіңіз орташа әсер деп оны қалай есептедіңіздер? Оны есептеу айтуға мекеме жалладыңыздар ма? Оны Департамент экологии немесе СЭС көшеді ма? Ол алаңнан шығарындылар болады. зиянды бөліністер болады. Мал жайылады.	«Construction NS» ЖШС өкілі – Желенова Ш. Е.: Сіз айтып отырған 12 баллдық интегралдық бағалау презентацияның соңғы слайдында көрсетілген. Бұл бағалау қоршаған орта компоненттеріне ықпал ету деңгейін анықтау үшін жүргізіледі. Бағалау Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құжатқа сәйкес, әсердің аумақтық ауқымы, ұзақтығы және қарқындылығы бойынша жүргізілді. Осы көрсеткіштер белгіленген шкала бойынша бағаланып, есептеу нәтижесінде 12 балл алынды. Әсердің ұзақтығы 3 баллмен бағаланды, ал қарқындылығы әлсіз деп белгіленді. Бұл — ойдан алынған сан емес, мамандардың нормативтік құжатқа сәйкес жүргізген есептеуінің нәтижесі. Бағалауды департамент жүргізбейді. Біз жобаны әзірлегеннен кейін оны сараптамаға, тиісті департаментке және санитариялық-эпидемиологиялық қызметке ұсынамыз. Сондықтан бағалауды департамент жүргізеді деген пікір дұрыс емес. Шығарындылар бойынша тиісті есептеулер жүргізілді. Есептеу нәтижелері бойынша белгіленген	алынып тасталды

		нормативтерден асып кету анықталған жоқ. Аталған алаңға мұнай құбыры келіп қосылады. Мұнда сорғылар мен дизель генераторы орналасқан. Алаң қоршалған, оператор жұмыс істейді, сондықтан малдың аумаққа кіруіне жол берілмейді. Зиянды заттардың тұрғындарға әсеріне қатысты айтсақ, нысан ауылдан шамамен 30 шақырым қашықтықта орналасқан. Жүргізілген есептеулер бойынша тұрғындарға зиянды әсер күтілмейді. Санитариялық-қорғау аймағы 1000 метрді құрайды. Мал жайылымына қатысты нысан аумағының қоршалғанын атап өтеміз.	
	Және баяндамада шығатын су бар дедіңізідер, оны қайда тапсырасыздар? Сіздің өндірістік суларыңызды, біздің шығаратын сумен салыстыруға болмайды, сіздер оны КОС-қа, олар оны Қошқаратаға төгеді. «ҚазТрансОйл» компаниясы мұнайды қалай тасымалдайды? Мұнайды құбыр арқылы айдау кезінде қыздыру қажет пе? Қыздыру және тасымалдау барысында атмосфераға ластаушы заттар бөлінбей ме?	Мекеме экологы – Каленов Н. жауабы: Сарқынды суларды біз КОС-қа тапсырамыз, алаңнан арнайы техникамен шығарып алып кетеді. Барлығы сол КОС-қа тапсырып отыр, ол жерден зиянды сулар шықпайды, күнделікті шаруашылық-тұрмыстық септік суы шығарылады. «Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Есболов Е.Л.: Біз «ҚазТрансОйл» компаниясының қызметіне қатысты жауап бере алмаймыз. Олардың мұнайды қыздыру және тасымалдау технологиясы біздің компанияның қызметіне кірмейді. Біз мұнайды өз құбырымыз арқылы Доңға кен орнынан мұнайды коммерциялық есепке алу торабына дейін жеткізіп, сол жерде «ҚазТрансОйл» компаниясының мұнай құбырына қосамыз.	
5	Баянды ауылының тұрғыны – Назаров Б.С сұрағы: Баяндамада жол салынатыны айтылды. Қандай жол туралы сөз болып отыр? Сіздер нысанға қандай жолмен қатынайсыздар?	«Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Есболов Е.Л.: Презентациядағы сызба қайта көрсетіліп, компания өкілі мұнайды коммерциялық есепке алу торабының орналасуы мен құрылымын түсіндірді. Бұл жоба бойынша жаңа жол салу қарастырылмаған. Баяндамада алаң ішіндегі техниканың жүру жолдары туралы айтылған болуы мүмкін. Техника қозғалысы кезінде бөлінетін ластаушы заттар тиісті есептеулерде ескерілген. Сызбада көрсетілгендей, алаңда технологиялық блок, сорғы, дизель	алынып тасталды

		генераторы, оператор бөлмесі және мұнайды есепке алу торабы орналасқан. Түпқараған ауданындағы Доңға кен орнында өндірілген мұнай құбыр арқылы осы торапқа жеткізіліп, одан әрі «ҚазТрансОйл» компаниясының мұнай құбырына қосылады. Нысанға қатынау үшін компанияның қолданыстағы қара жолы пайдаланылады. Бұл жол мұнай құбырының бойында орналасқан және оны тексеріп, бақылауға арналған. Сызбада көрсетілген өзге жолды пайдаланбаймыз. Нысанға өзіміздің осы қара жолымызбен қатынаймыз.	
6	Баянды ауылының тұрғыны – Айжігітов Б. сұрағы: Ауылымыздың айналасында карьерлер мен түрлі өндірістік кәсіпорындар көп. Қошқар-Ата да жақын орналасқан. Тұрғындар ауылдағы экологиялық жағдайға алаңдайды. Денсаулығында мәселесі бар балалар кездеседі, тұрғындар мұны қоршаған ортаның әсерімен байланыстырады. Осындай жағдайда жақын маңда жұмыс істейтін кәсіпорындар тым болмаса жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға көмектессе деймін. Ауылда жұмыссыз жастар көп, олардың арасында отбасын асырап отырған азаматтар да бар. Сондықтан Баянды ауылы тұрғындарын жұмысқа орналастыру мәселесін қамтитын меморандум жасасуды сұраймыз. Түпқараған ауданында бұл жұмыс жақсы ұйымдастырылған деп білеміз. Менің де інім бар сол жұмыссыздық тізімінде болып, сол жақын уақытта сіздің мердігер мекемеңізге жұмысқа орналасты. Кәсіпорындардан түскен бос жұмыс орындары туралы ақпаратты аудан әкімдігі ауылдарға жеткізіп, Ақшұқыр, Таушық, Сайын Шапағатов сияқты ауылдардың тұрғындарын жұмысқа орналастыруды қарастырады. Ал бізде мұндай ақпарат алмасу жолға қойылмаған. Кейбір кәсіпорындар бос жұмыс	«Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Әбдіқадыров Т.С.: Сіздің айтып отырған мәселеңізді түсіндік. Ауданға жолданған бос жұмыс орындары туралы ақпараттың ауылға жетпейтінін және жұмыспен қамту жұмысының жүйеленбегенін сізден естіп отырмыз. Бұған дейін бұл жағдайдан хабарсыз едік. Түпқараған ауданында бұл жұмыс жүйелі түрде ұйымдастырылған: жұмыссыз азаматтардың тізімі бар, олар мансап орталығында тіркелген. Вакансия бос жұмыс орындары бойынша біз аудан әкімдігіне жібереміз, олар өздері мамандарды бізге жібереді, біз ол жағынан араласпаймыз. Сіздер де ауыл тұрғындарының ұсыныстарын жинақтап, әкімдік арқылы біздің компанияға ресми түрде жолдасаңыздар, мәселені қарастыруға тырысамыз. Меморандумды ауылмен немесе ауданмен жасасуға қарсылығымыз жоқ. Алайда алдымен ұсыныстарыңызбен танысып, оны қай деңгейде жасасуға болатынын қарастыруымыз қажет. Аудан бойынша жұмыспен қамту мәселесінің жүйеленбегені жөніндегі пікіріңізді ескереміз. Жақында бізге Баянды 2 немесе 3 ауылына құбыр (пластик труба) орнату жөнінде сұраныс хат келген болатын. Біз бұл ұсынысты басшылықпен бірге қарастырып, мәселені осы жылдың соңына дейін шешіп беруге келіскен болатынбыз. Сол сияқты, әлеуметтік мәселелер бойынша ұсыныстарыңыз бен	алынып тасталды

	орындары туралы мәліметті облысқа немесе ауданға жолдайтынын айтады. Бірақ ауданға түскен ақпарат ауылға жетпейді. Қай кәсіпорында қандай бос орын бар екенін және Баянды ауылынан кімнің жұмысқа қабылданғанын білмейміз. Бос жұмыс орны пайда болғанда, ауылымызда сол қызметтің талаптарына сай келетін азаматтардың бар-жоғын анықтап, олардың кандидатураларын ұсыну жұмысы осы уақытқа дейін жүргізілген жоқ. Осы жұмысты жолға қойып, Баянды тұрғындарын жұмыспен қамтуға мүмкіндік жасасаңыздар дейміз, мердігер мекемелерге де ұсыныстар болса жақсы бола еді, жылына 3-4 адам жұмысқа алынса деген ұсынысымызды білдіріп отырмыз, жұмыссыздық мәселесімен барлық жерде шырылдап айтып жүрміз. Ауыл деңгейінде меморандумға отыруға болады ма? Немесе сізге аудан, облыс деңгейінде ұсыныс жоғарыдан келуі қажет пе?	сұраныстарыңызды қарастырудан бас тартпаймыз. Сіздерден ресми сұраныс түскен жағдайда, оны да қарастырамыз.	
7	Баянды ауылының тұрғыны – Мусаева Р.: Қасымдағы азаматтар да айтып отырғандай, біз үшін осы қоғамдық тыңдау — ұсынысымызды сіздерге жеткізуге мүмкіндік. Жұмыспен қамту мәселесі бойынша ауыл әкімдігімен тікелей келісімге келіп, Баянды ауылы тұрғындарын жұмысқа қабылдауды карастырсаңыздар дейміз. Жылына екі-үш адамды, мүмкіндік болса, он адамды жұмысқа алсаңыздар, ауыл үшін үлкен көмек болар еді. Сіздер бұған дейін де келіп кеткенсіздер, сондықтан осы ұсынысымыз бойынша нақты жауап алғымыз келеді. Бұл өтінішімізді бұған дейін де айтқан болатынбыз. Сіздер ауылға бірінші рет емес, үшінші рет келіп отырсыздар. Алдыңғы жиналыста да меморандум жасау мәселесі бойынша нақты шешіммен келулеріңізді сұрағанбыз. Сондықтан осы		алынып тасталды

	жолы сіздерден нақты жауап күтіп отырмыз. Қазір сіздер алдымен осы жұмысты аяқтап, меморандумды кейін жасасатынын айтып отырсыздар. Бірақ меморандумның кейін нақты жасалатынына қандай кепілдік бар? Нақты шешім болмағандықтан, біз бұл уәдеге сенімді бола алмаймыз. Осында отырған азаматтар да айтып отырғандай, біз өзімізді үлкен экологиялық апаттың ортасында отырғандай сезінеміз. Айналамызда өндірістік кәсіпорындар көп. «Доңға» — ірі компания. «Емір Ойл» да сондай ірі кәсіпорындардың бірі. Мысал ретінде айтайын: «Емір Ойл» кәсіпорны Емір елді мекенінің дәл жанында, бір шақырымға да жетпейтін қашықтықта орналасқан. Соған қарамастан, ауылда газ жоқ. Компания өкілдері «облысқа қаражат беріп отырмыз, ауданға қаражат беріп отырмыз» дейді. Бірақ сол көмектің кәсіпорынға іргелес отырған ауылға жеткенін көрмейміз. Өндірістің әсерін сезініп отырған — осы маңдағы ауылдардың тұрғындары. Сондықтан көрсетілетін көмектің тікелей ауылдарға жеткенін қалаймыз. Біз осы ауылдың тұрғындары ретінде халықтың өтініштері мен ұсыныстарын жеткізіп отырмыз. Бұл мәселені бірнеше рет көтеріп, келесі тыңдауға нақты жауаппен келулеріңізді сұраған болатынбыз. Сіздер — ірі компаниясыздар. Сондықтан меморандум жасасу жөнінде нақты шешім қабылдап, сұрақтарымыз бен ұсыныстарымызға дайын жауаппен келулеріңізді күтеміз. Қоғамдық тыңдау өткізілгенде халықтың үні де естілуі керек. Бұл тек тыңдауды өткізіп, рұқсат алып кету үшін ұйымдастырылатын жиын болмауы тиіс. Біз компанияның жұмысына немесе дамуына қарсы емеспіз. Кәсіпорындарыңыз өркендеп, жұмыстарыңыз жалғаса берсін		

	дейміз. Бірақ осы ауылға жобаларыңыз бойынша қоғамдық тыңдау өткізуге келгенде, ауыл тұрғындарының мүддесін де ескеріп, ауылға қандай нақты көмек көрсете алатындарыңызды қарастырып келулеріңіз қажет. Осы жоба қоғамдық тыңдаудан өткеннен кейін сіздер де «мемлекеттік облыспен немесе ауданмен жасасқанбыз» деп, ауылдың сұрақтарын жауапсыз қалдырмайсыздар ма? Біз осыған аландаймыз. Мысалы, «Емір Ойл» компаниясы «облысқа, ауданға қаражат беріп отырмыз» деп жауап береді. Бірақ біз олардың тарапынан ауылға көрсетілген нақты көмекті көріп отырған жоқпыз. Емір елді мекені Баянды ауылына қарайтындықтан, компанияға осы ауылдың тұрғындарын жұмысқа қабылдау жөнінде де ұсыныс айтқанбыз. Алайда бұл өтінішіміз де ескерілмей отыр. Сондықтан сіздерден Баянды ауылы тұрғындарын жұмысқа қабылдау және ауылға нақты көмек көрсету мәселелері бойынша жауап күтеміз. Иә, ауылымызда жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар бар. Олар мансап орталығына барып тіркеледі. Бірақ біз бұл тізімді көрмегендіктен, кімнің қайда тіркелгенін және кімнің жұмысқа жолданғанын нақты білмейміз. Бос жұмыс орындары түскен кезде Баянды ауылының тіркелген тұрғындары жұмысқа жіберілмей отыр. Оның орнына Атамекен, Батыр немесе басқа ауылдардың тұрғындары қабылданады. Іріктеу қалай жүргізілетінін білмейміз. Өз таныстарын ұсына ма деген күмәніміз де бар, бірақ оны нақты растай алмаймыз. Сондықтан Баянды ауылының жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарына да бос жұмыс орындары туралы ақпарат жеткізіліп, олардың кандидатуралары	<u>«Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Әбдіқадыров Т.С.:</u> Ауданда жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтардың тізімі бар ма? Ауыл тұрғындары сол тізімге тіркелген бе?	

	қарастырылуын сұраймыз. Жоқ, айналамызда ірі өндірістік кәсіпорындар көп екенін білеміз. Бірақ сол кәсіпорындарда бос жұмыс орны ашылып, Баянды ауылынан біреудің жұмысқа қабылданғаны туралы көптен бері естіген жоқпыз. Жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарға көбіне ауылдағы тазалық жұмыстары ұсынылады. Алайда мұндай жұмыстың табысы бала-шағаны асырауға, несиелерді төлеуге жеткіліксіз болғандықтан, тұрғындар оған барғысы келмейді. Біздің шырылдап, осы мәселені қайта-қайта көтеріп отырған себебіміз де — осы. Түнкараған ауданындағы жұмыспен қамту ісіне қызыға қараймын. Ол жақта бұл жұмыс жақсы ұйымдастырылған. Әкімдік кәсіпорындармен меморандум жасасып, Сайын Шапағатов, Ақшұқыр, Таушық, Форт-Шевченко және басқа да елді мекендердің тұрғындарын тізім бойынша кезекпен жұмысқа орналастырып отыр. Азаматтар сіздердің компанияларыңызға да, басқа кәсіпорындарға да жұмысқа қабылданады. Ал бізде ауылда мұндай жүйе жоқ. Ауыл әкімдігі тарапынан «осындай бос жұмыс орны ашылды» немесе «тізімде тұрған азаматтардың арасынан ауылымыздың тұрғыны жұмысқа қабылданды» деген ақпаратты естіген жоқпыз. Мүмкін, бізге ақпарат жетпей жүрген шығар. Ауыл тұрғындары осындай тәртіппен жұмысқа қабылданып жатыр ма? Қабылданып жатса, айтып берсеңіздер. Ауылда жұмыссыз жүрген азаматтар мен жастар көп. Тұрақты жұмыс таба алмаған соң, олар құрылысқа барып жұмыс істеуге мәжбүр. Бұл мәселені бірнеше рет көтердік. Осында отырған әкімнің орынбасары Сәлімжан	<u>«Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Әбдіқадыров Т.С.:</u> Мысалы, «TECHNO TRADING», сондай-ақ Жетібайда қызмет көрсететін басқа да мекемелер және басқа да кәсіпорындардан сіздерге бос жұмыс орындары туралы ақпарат немесе жұмысқа қабылдауға қатысты сұраныстар келіп түспей ме? <u>«Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Әбдіқадыров Т.С.:</u> Сіздер ауыл белсенділері мен қоғамдық кеңес өкілдері ретінде немесе осы тыңдауға қатысып отырған әкімнің орынбасары аудандық, облыстық жиналыстарға қатысқан кезде жұмыспен қамту және меморандум жасасу мәселелерін көтердіңіздер ме? <u>Баянды ауылдық округі әкімінің орынбасары - Балбай С.М:</u> Мен жауап берейін. Қазіргі уақытта бізде ірі кәсіпорындармен меморандум жасалмағандықтан, тұрғындарды сол	

	өзі жауап берсін. Мысалы, Емір елді мекені Баянды ауылына қарайды. Оның дәл жанында «Емір Ойл» сияқты ірі кәсіпорын орналасқан. Соған қарамастан, Емірдегі жұмыссыз тұрғындар осы кәсіпорынға жұмысқа орналаса алмай отыр. Баянды ауылының тұрғыны – Мусаева Р.: Егер мен әкімнің орнында болсам, ірі кәсіпорыннан тек құбыр орнатуға көмек сұраумен шектелмес едім. Ауылымыздың құрылғанына елу жылдай уақыт болды. бірақ әлі күнге дейін спорт кешені жоқ. Балаларымыз осы залдан да кішкене шағын залда спортпен айналысып, үйірмелерге қатысып жүр. Жаттығулардың барлығы сол кішкентай залда өткізіледі. Сондықтан ауылға спорт кешені қажет. Спорт кешенін салу мәселесін бірнеше рет көтерген болатынбыз. Бізге бюджетте де, облыста да қаражат жоқ екенін, тек қайтарылған активтер есебінен қаржыландыру мүмкін болатынын айтты. Бірақ оның	кәсіпорындарға жұмысқа жолдау жүйесі қалыптаспаған. Жаңа айтылғандай, «Доңға» компаниясы Түпқараған ауданымен меморандум жасасқан. Сол ауданда жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар тізім бойынша жұмысқа жіберіледі. Мысалы, бір жылда он адамды қабылдау қажет болса, кандидаттар тіркелген азаматтардың арасынан ұсынылады. Ал бізде ірі кәсіпорындармен мұндай меморандумдар жоқ. Ауылдағы шағын мекемелерде бос жұмыс орындары болуы мүмкін, бірақ олардың жұмыс жағдайлары қиындау, жалақысы да төмендеу. «Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Әбдікадыров Т.С.: Сіздерді тыңдап, жағдайды түсіндік. Кейін аудан тарапынан түсінбеушіліктер немесе қосымша мәселелер туындамас үшін, алдымен ұсыныстарыңыз бен сұраныстарыңызды дайындап, ауыл әкімдігі атынан біздің компанияға ресми хат жолдауларыңызды сұраймыз. Хатта меморандум жасасу жөніндегі ұсыныстарыңызды және өзге де әлеуметтік мәселелерді көрсетіңіздер. Ресми хат келіп түскеннен кейін біз оны қарастырамыз. «Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Әбдікадыров Т.С.: Құбыр мәселесіне қатысты да әкімдіктен түскен өтінішті қарастырып, көмек көрсету жөнінде шешім қабылдадық. Бұл да әлеуметтік мәселелердің бірі болып саналады. Осы мәселе бойынша әкімдікпен келіскеніміздей, егер қаражат аударуға арналған қор немесе басқа ұйым болса, біз сол ұйымға қаражат бөлеміз. Сіздер құбыр орнату жұмыстарын ұйымдастырып, орындалған жұмыстар мен қаражаттың жұмсалуы туралы есепті бізге ұсынасыздар.	

	қашан жүзеге асатыны белгісіз. Әзірге облыстан да, ауданнан да спорт кешеніне қаражат бөлініп отырған жоқ. Ішінде бассейні бар, балалар жаттығуына арналған спорт кешені салынса қандай сауапты іс болар еді.		
8	Баянды ауылының тұрғыны – Мусаева Р.: Құрылыс жұмыстарының қысқа мерзімде аяқталатынын айттыңыздар. Алайда құрылыс аяқталғаннан кейін де бұл алаң жұмысын жалғастырады. Пайдалану барысында шығарындылар, сарқынды сулар мен қалдықтар пайда болады. Баяндамада айтылған осы жағдайларды ескере отырып, біздің де ұсыныстарымыз бен өтініштерімізді назарға алуларыңызды сұраймыз. Сонымен қатар нысанға қандай жолмен қатынайсыздар?	«Dunga Operating GmbH» филиалы өкілі – Есболов Е.Л.: Компания өкілі презентациядағы сызбада нысанға қатынау жолын көрсетті. Доңға кен орнынан мұнайды коммерциялық есепке алу торабы орналасқан алаңға дейін компания салған мұнай құбырының жанымен өтетін қара жолмен қатынау жүзеге асырылады. Сызбада көрсетілген, нысанға жақын орналасқан «КазТрансОйл» жолы пайдаланылмайды.	алынып тасталды
9	Баянды ауылының тұрғындары Ақжігітов Бағдат, Назаров Бақытбек және Мусаева Райхан қоғамдық тыңдаудың өткізілуіне қатысты өздерінің қарсылығын білдірді.		

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен). құжаттардың. тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан. оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: **Ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.**

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы, пікірлер мен ұсынымдар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: **Баянды ауылының әкімінің орынбасары - Балбай Сәлімжан Мәлікұлы**

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы _____ Күні: « 08 » қазан 2026 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: **«Construction NS» ЖШС өкілі – Желенова Шаттыгүл Есенқызы**

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы _____ Күні: « 08 » қазан 2026 ж.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

2026 жыл 7 қазан уақыты сағат 11:00

«Dunga Operating GmbH» филиалы, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауылы

№ р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Жеменова Ш.Е.	Бастамашы	87481388739	жеке	
2	Мусаева Ф.Ә.		87781469172	жеке	
3	Мұжігітов Б.Қ.		87024597191	жеке	
4	Назаров Б.С		87754223818	жеке	
5	Ебілов Е.А.		+77015557738	Ә/О.	
6	Абдрахманов Т.С.	Дунга Оперейтинг.	+7 777 9200023	Непс	
7	Каленов Н.Ч	Дунга	8 702 3369280	жеке	
8	Ержетаева З.К.	Дунга Операйтинг	87751948081		
9	Тұщымбет Ж.С.	МО ҚМГ Тәжірибе Жаңа	87082799952	онлайн	
10	Жайлаубаева Р.А.	МО ҚМГ ДД	87024766076	онлайн	
11					
12					
13					
14					
15					
16					

№178 от 25.08.2026

DUNGA OPERATING GMBH

Мұнайлы ауданы
Баянды ауылының
әкім Қ.Қ.Жексенбаевқа

Құрметті Қадырбек Құдабайұлы!

Қоғамдық тыңдау өткізу бойынша

«Dunga Operating GmbH» филиалы ҚР ЭК 96 - бабының талаптарына сәйкес мына жобалар бойынша ашық жиналыс нысанында Қоғамдық тыңдау өткізуді жоспарлауда:

«Мұнайды есепке алудың коммерциялық торабының алаңын қайта құру". Доңга кен орны, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау облысы».

Қоғамдық тыңдауды өткізу күні, уақыты және орны: 2026 жылғы 07 қазан сағат 11:00-де Маңғыстау облысы, Мунайлы ауданы, «Баянды ауылы әкімінің аппараты» ММ, Мәдениет үйі ғимараты.

Бастамашы: «Dunga Operating GmbH» Филиалы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12 шағын аудан, 79/1 ғимарат, пошта индексі 130000, БСН 000941000344, Эколог – Каленов Нурбол, тел. 8 (702) 996 90 80.

Жобаны әзірлеуші: «Construction NS» ЖШС, Ақтау қ. 17 шағын аудан, 20 үй тел: 87767120270. БСН 010740010777.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел: +7 (778) 113 98 97.

Қоғамдық тыңдауға жауапты мамандарды тағайындап, қоғамдық тыңдауды өткізуге ықпал етуіңізді сұраймыз.

Ізгі ниетпен,
«Dunga Operating GmbH» атынан,

_____

А. Абдрахманова
Корпоративтік мәселелер бойынша және сыртқы байланыстар департаментінің директоры

Орын.: Абдыкадыров Т.С.
Тел: +7 (7292)-571-623
talgat.abdykadyrov@dunga.kz

Postal Address/Пошта мекенжайы/Почтовый адрес : Micro district 12, building 79/1, Aktau, 130000, Republic of Kazakhstan / 79/1 ғимараты, 12 шағын ауданы, 130000, Ақтау қ., Қазақстан / Здание №79/1, мкр. 12, 130000, Актау, Казахстан

Tel / Тел: +7 (7292) 57 17 00

Филиал «Dunga Operating Gmbh» в Республике Казахстан /Branch of Dunga Operating Gmbh in the Republic of Kazakhstan
Headquarters Address: Office of Field Fischer Partnershaft von Rechtsanvelten mbB, Am Sandtorkai 68, 20457 Hamburg, Germany, Registration Number HRB 154477

Подписан в MetaDoc
Проверка по ссылке:
[Проверочная ссылка]

Дата: 26.08.2026 10:10. Копия электронного документа. Версия СЭД: MetaDoc 1.0. Определен положительный результат проверки ЭЦП.

ЛИСТ РЕШЕНИЙ

Исходящий документ № 178 от 25.08.2026

Наименование проекта: Қоғамдық тыңдауға бойынша.

Кем и когда внесен (разработан) проект: Департамент по корпоративным вопросам и по внешним связям

Исполнитель: Абдыкадыров Т.С., Специалист по взаимодействию с государственными органами (Департамент по корпоративным вопросам и по внешним связям), +7 (7292)-571-623

Подписано:

Абдрахманова А.Ж. (Директор департамента по корпоративным вопросам и внешним связям, Департамент по корпоративным вопросам и по внешним связям)

Дата подписания: 25.08.2026, 16:38

Серийный номер сертификата:61b08721cdc754c209bb9263d8f7b119db62af19

Срок действия сертификата: 17.04.2027

ШЕШІМДЕР ПАРАҒЫ

25.08.2026ж. № 178 Шығыс құжат

Жоба атауы: Қоғамдық тыңдауға бойынша.

Жобаны әзірлеген және әзірлеу күні: Корпоративтік мәселелер және сыртқы байланыстар департаменті

Орындаушы: Абдыкадыров Т.С., Мемлекеттік органдармен байланыс жөніндегі маман (Корпоративтік мәселелер және сыртқы байланыстар департаменті), +7 (7292)-571-623

Қол қойылды:

Абдрахманова А.Ж. (Корпоративтік мәселелер бойынша және сыртқы байланыстар департаментінің директоры, Корпоративтік мәселелер және сыртқы байланыстар департаменті)
Қол қойылған дата: 25.08.2026, 16:38

Сертификаттың сериялық номері:61b08721cdc754c209bb9263d8f7b119db62af19
Сертификаттың жарамдық мерзімі:17.04.2027

DECISION SHEET

Outgoing Document № 178 from 25.08.2026

Project name: Қоғамдық тыңдауға бойынша.

Submitted (Developed) by and When: Corporate Affairs and External Relations Department

Executor: Abdykadyrov T.C., Government Relations Specialist (Corporate Affairs and External Relations Department), +7 (7292)-571-623

Signed:

Abdrakhmanova A.Ж. (Head of Corporate Affairs and External Relations, Corporate Affairs and External Relations Department)

Date signed: 25.08.2026, 16:38

Certificate serial number:61b08721cdc754c209bb9263d8f7b119db62af19

Certificate validity period:17.04.2027

МҰНАЙЛЫ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

МҰНАЙЛЫ

Газет әр аптаның сейсенбі күні шығады

№33 (1172)
25 тамыз 2026 жыл

ГАЗЕТ 2007 ЖЫЛДЫҢ 14 ЖЕЛТОҚСАНЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

■ ҚҰРЫЛТАЙ

ТҰРҒЫНДАР таңдауын жасады



МҰНАЙЛЫ АУДАНЫНДА МАҢЫЗДЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ НАУҚАН – ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ТАҢҒЫ САҒАТ 07:00-ДЕ БАСТАЛДЫ. САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНДЕГІ ДАУЫС БЕРУ РӘСІМІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ГИМНМЕН АШЫЛДЫ. ТАҢ СӘРІДЕН САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕ КЕЛГЕН ТҰРҒЫНДАР ЕЛ БОЛАШАҒЫНА ҚАТЫСТЫ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫН БІЛДІРІП, ӨЗ ТАҢДАУЛАРЫН ЖАСАДЫ.



Құрылтай депутаттарын сайлау қоғамның өзекті мәселелерін талқылауға, халықтың пікірін білдіруге мүмкіндік беретін маңызды қоғамдық-саяси үдеріс болды. Сондықтан әр азаматтың белсенділігі мен таңдауы елдің қоғамдық дамуы үшін айрықша мәнге ие еді.

Мұнайлы ауданында сайлауды өткізу үшін 45 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Аудан халқының санының тұрақты артуына байланысты үш жаңа сайлау учаскесі қосылды. Дауыс беру құқығына ие 88 695 сайлаушы тіркелді. Барлық сайлау учаскелерінде дауыс беруге қажетті жағдай жасалып, тиісті ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Сайлау күні Мұнайлы ауданының әкімі Қанат Құлжанов та сайлау учаскесіне барып, өз таңдауын жасады. Аудан әкімі дауыс бере отырып, Құрылтай депутаттарын сайлаудың елдің қоғамдық өміріндегі маңызын атап өтті. Оның айтуынша, сайлауға қатысу – азаматтың өз таңдауын білдіруі ғана емес, елдің ертеңіне деген жауапкершілігін таныту.

Сайлау барысына ерекше қажеттілігі бар азаматтардың да қатысуына айрықша көңіл бөлінді. Учаскелер пандустармен, арнайы кіру жолдарымен және қажетті жағдайда арнайы жабдықтармен қамтамасыз етілді. Денсаулық жағдайына байланысты сайлау учаскесіне келе алмайтын азаматтарға заңнама талаптарына сәйкес тұрғылықты жерінде дауыс беру мүмкіндігі қарастырылды.

Ерекше қажеттілігі бар азаматтардың Құрылтай сайлауына толыққанды қатысуы үшін барлық қажетті жағдай жасалды. Сол мүмкіндіктердің бірі – инватакси қызметі болды. I топтағы мүгедектігі бар аудан тұрғыны Дарылғап Жиенбаев арнайы инватакси қызметінің көмегімен №207 сайлау учаскесіне жеткізіліп, өзінің азаматтық таңдауын жасауға мүмкіндік алды.

Мұндай қолдау шаралары азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз етуге, олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына және өз таңдауын еркін білдіруіне жол ашты.

Бірқатар тұрғындар үй жағдайында дауыс беріп, өз таңдауларын жасады. Жасына немесе денсаулық жағдайына қарамастан азаматтық белсенділіктің жарқын үлгісін көрсетті.

Бұл ретте сайлау комиссиясының мүшелері азаматтардың үйлеріне арнайы барып, заң талаптарына сәйкес дауыс беру рәсімін ұйымдастырды. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін кедергісіз орта қалыптастыру және қажетті көмек көрсету жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылды. Бұл ретте азаматтардың сайлау құқықтарын толық жүзеге асыруына жағдай жасау басты назарда болды.

Сайлау күні жұртшылық арасында «Генерал әже» лақап атымен танылған 80 жастағы Сәрсенбибі Өтешова.

Өмірлік тәжірибесімен, ақыл-парасатымен және белсенді азаматтық ұстанымымен көпшілікке үлгі болып жүрген ардақты



әже сайлауға қатысу әрбір азаматтың ел болашағына деген жауапкершілігінің маңызды көрінісі екенін атап өтті.

Бір әулеттің шежіресіне айналған Сәрсенбибі ана 12 баланы тәрбиелеп өсірген, бүгінде 27 немере мен 76 шөбереге өнеге болып отырған қасиетті шаңырақтың алтын діңгегі. Ұрпақ сабақтастығын жалғап, отбасы құндылықтарын көзінің қарашығындай сақтап келе жатқан ардақты әже даналықтың, мейірімнің және ұлттық тәрбиенің жарқын үлгісіне айналған.

Саналы ғұмырында ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген Сәрсенбибі Өтешова бүгінгі күні елдегі маңызды қоғамдық-саяси бастамаларға белсенді араласып келеді. Оның №194 сайлау учаскесіне келіп, өз таңдауын жасауы – кейінгі буынға өнегелі үлгісі болды.

«Балаларымның өсіп-өнуі үшін өз таңдауымды жасауға арнайы дайындалып келдім. Дауыс беру – әрбір азаматтың міндеті. Жастарға үлгі болу үшін сайлауға қатысып отырмын», – деді ақ жаулықты әже.

«Генерал әже» аудан тұрғындарын азаматтық белсенділік таныту, маңызды қоғамдық-саяси науқаннан қалыс қалмауға шақырды.

Сонымен қатар Мұнайлы ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Чапай Әбілов сайлау учаскесіне келіп, өз азаматтық таңдауын жасады. Қоғамдық өмірге белсенді араласатын ардагер сайлауға қатысудың маңыздылығын атап өтіп, әр азаматтың дауысы ел болашағына деген жауапкершілікті білдіретінін жеткізді.

– Сайлау – ел тағдырына бейжай қарамайтын әр азамат үшін маңызды мүмкіндік. Өз таңдауымыз арқылы мемлекетіміздің болашағына үлес қосамыз. Барша азаматтарды сайлауға белсенді қатысуға шақырамын, – деді Чапай Әбілов.

Мұнайлы ауданындағы сайлау азаматтардың ел болашағына деген жауапкершілігін танытқан мазмұнды сәттерге толы болды. Бірі сайлау учаскесіне арнайы келсе, енді бірі инватакси қызметінің көмегімен немесе үйден дауыс беру арқылы өз таңдауын білдірді. Жастар мен аға буын өкілдерінің қатар тұрып, ортақ елдік іске үн қосуы – азаматтық белсенділіктің айқын көрінісі болды.



Мұнайлыдағы әрбір дауыс – халықтың өз пікірін білдіруге деген ұмтылысы, елдің ертеңіне деген сенімі мен жауапкершілігінің белгісі еді.

Ту-Бегі АБЫЛАЙ.

■ ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ – 2026

БАРЫС БҰЙЫРДЫ

«МАҢҒЫСТАУ БАРЫСЫНДА» ЖҮЛДЕЛІ ЕКІНШІ ОРЫН АЛЫП, ЕЛДІҢ ҮЛКЕН ДОДАСЫНА ЖОЛДАМА АЛҒАН ЖАНТІЛЕК НҰРТІЛЕПҰЛЫНЫҢ АРАҒА КӨП УАҚЫТ САЛМАЙ-АҚ «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ» АТАНУЫ – ҚАЛЫҢ ЕЛДІҢ КӨҢІЛІН ТЕБІРЕНТКЕН ТАРИХИ ЖЕҢІС БОЛДЫ. КЕШЕ ҒАНА ОБЛЫСТЫҚ БӘСЕКЕДЕ ТОП ЖАРЫП ЖҮРГЕН МҰНАЙЛЫЛЫҚ ЖАС БАЛУАН БҮГІНДЕ БҮКІЛ ҚАЗАҚСТАНҒА ТАНЫЛҒАН ЧЕМПИОНҒА АЙНАЛДЫ.



Қазақ күресі – халқымыздың болмысымен біте қайнасқан, білектің күшін ғана емес, жүректің қуатын, рухтың беріктігін, намыстың биіктігін таразылайтын ұлттық спорт. Осы спорттың төрінен орын алып, елдің ең мықты балуандарымен белдесіп, бас бәйгені қанжығаға байлау – кез келген спортшының маңдайына бұйыра бермейтін бақ. Ал бұл жолы сол бақ Маңғыстаудың қара шаңырағына қонды.

Астана төрінде өткен «Қазақстан Барысы – 2026» республикалық турнирінде «Лабақ батыр» лақап атымен өнер көрсеткен Жантілек Нұртілепұлы қарсыластарының барлығын тізе бүктіріп, финалдық белдесуде Жамбыл облысының мықты балуаны Ғалымжан Қырықбайдан басым түсті. Осылайша ол алтын жүлдені иеленіп қана қоймай, Маңғыстау облысының тарихында тұңғыш рет «Қазақстан Барысы» атанған балуан ретінде есімін ел спортының шежіресіне алтын әріппен жазды. Бұл – бір күндік жеңіс емес, бұл жылдар бойы төгілген тердің, талмай жасалған жаттығудың, сүрінген сайын қайта тұрып, жеңіске қарай ұмтылған жігердің жемісі.

Жантілектің жеңісі ел назарынан тыс қалған жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев чемпионды «Qazaqstan Barysy – 2026» турниріндегі айқын жеңісімен құттықтады.

Президент спортшының бұл жетістігін оның жеңіске деген ерік-жігері мен жоғары шеберлігінің айқын көрінісі ретінде бағалады. Сонымен қатар мұндай беделді жарыстар халқымыздың бірегей дәстүрлерін жаңғыртып, өскелең ұрпақты ұлттық спорт түрлерімен айналысуға ынталандыратынын атап өтті.

Бұл Жантілектің жеңісінің тек спорттық нәтиже емес, ұлттық спорттың абыройын асқақтатқан маңызды оқиға екенін көрсетеді. Бүгінде жас балуанның есімі Маңғыстаудың ғана емес, күллі қазақ елінің спорт сүйер қауымына жақсы таныс. Оның жеңісі – талай жасқа үлгі, талай балаға арман сыйлайтын жетістік.

«Қазақстан Барысы» додасы – қазақ күресінің ең биік белестерінің бірі. Жыл сайын еліміздің әр өңірінен іріктеліп келген ең мықты балуандар бас қосып, күш сынасады. Бұл додада жеңіске жету үшін алып дене мен мығым білектің өзі аздық етеді. Мұнда спортшының тактикалық шеберлігі, төзімі, психологиялық дайындығы мен жеңіске деген ішкі сенімі қатар сыналады. Жантілек осы сынның бәрінен сүрінбей өтті.

Финалдық белдесу аяқталып, жеңімпаздың есімі жарияланған сәтте Маңғыстаудың талай шаңырағында қуаныштан көзге жас келгені анық. Өйткені бұл бір отбасының немесе бір спорт мектебінің ғана жеңісі емес. бұл тұтас өңірдің жеңісі.

Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбайдың: «Қазақстан Барысы мен Алтын домбыра Маңғыстауға қашан бұйырады екен деуші едім. Барыс бұйырды», – деген сөзі де осы қуаныштың салмағын аңғартады. Шын мәнінде, барыс бұйырды. Бірақ сол барыстың жолында Жантілектің маңдай тері, ұстазының сенімі, отбасының қолдауы және туған жердің ақ тілегі тұр.

Жантілектің тарихи жеңісінің ар жағында оның жеке бапкері Қайрат Иманғазиевтің де ұзақ жылғы еңбегі жатыр. Бапкердің айтуынша, 2011 жылдан басталған арманның ақталған сәті.

«2011 жылы тұңғыш рет өткен «Қазақстан Барысы» турнирін тамашалау үшін Астана қаласына арнайы келген едім. Сол сәтте өзіме: «Алла қаласа, бір күні осы дүбірлі додада топ жарып, Қазақстан Барысының жеңімпазы атанатын шәкірт тәрбиелеймін», – деп үлкен мақсат қойған болатынмын. Бүгін, міне, сол арманым жүзеге асып, шәкіртім «Қазақстан Барысы» турнирінің жеңімпазы атанып отыр. Бұл – ұзақ жылғы еңбектің, табандылық пен сенімнің жемісі», – дейді Қайрат Иманғазиев. Он бес жылға жуық уақыт бұрын жүрекке ұялаған арманның бүгін шындыққа айналуы – бапкер еңбегінің өлшемі.

Жаттықтырушы үшін шәкіртінің жеңісі – өз жеңісінен де биік. Себебі балуанның кілемдегі әрбір белдесуінің артында бапкердің сансыз сағаты, әр қателікті талдау, әр жеңістен кейінгі жаңа мақсат, әр жеңілістен кейінгі жігерлендіруі бар. Жантілектің кәсіби шеберлігін шыңдап, оны республикалық деңгейдегі үлкен додаға дайындауда жеке бапкері Қайрат Иманғазиев пен аға жаттықтырушы Мейрамбек Жанабайдың еңбегі айрықша. Бұл жеңіс – бапкер мен шәкірт арасындағы сенімнің де жемісі.

Жантілектің бүгінгі жетістігін одан сайын ерекше ететін бір жайт бар. Осыдан бірер күн бұрын ғана ол «Маңғыстау Барысы» турнирінде жүлделі екінші орынға ие болған еді. Сол жарыста өңір намысын қорғап, республикалық додаға жолдама алған балуан көп ұзамай Астана төрінде елдің ең мықты балуандарын артқа тастап, «Қазақстан Барысы» атанды.

